Әділет

# Қазақстан Республикасында өндірілетін және Қазақстан Республикасының кеден аумағына әкелінетін, Қазақстан Республикасының аумағында сатылатын акцизделетін тауарларға арналған акциз ставкалары туралы

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 28 қаңтар N 137. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 31 желтоқсандағы N 1332 Қаулысымен.

*Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 31 желтоқсандағы* N 1332 *(2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.*

*Ескерту. Тақырыпқа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.05.07. N* 364 *(2008 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.*

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 1-2-қосымшаларға сәйкес 2000 жылғы 1 ақпаннан бастап Қазақстан Республикасында өндірілетін және Қазақстан Республикасының кеден аумағына әкелінетін, Қазақстан Республикасының аумағында сатылатын акцизделетін тауарларға акциз ставкалары белгіленсін.

*Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.05.07. N* 364 *(2008 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.*

2. 3-қосымшаға сәйкес 2000 жылдың 1 ақпанынан бастап Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы жариялауға жатады.

*Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары*

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2000 жылғы 28 қаңтардағы
N 137 қаулысына
1-қосымша

*Ескерту. Қосымша өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.03.30. N* 462 *, 2000.07.05. N* 1019 *, 2000.08.12. N* 1251 *, 2000.08.17. N* 1275 *, 2001.03.30. N* 422 *, 2001.06.02. N* 753 *, 2001.08.10. N* 1055 *, 2002.04.26. N* 476 *, 2002.06.11.* N 630 *, 2002.10.11. N* 1108 *, 2002.11.26. N* 1257 *, 2004.02.27. N* 241 *, 2004.11.05. N* 1157 *, 2005.06.06.* N 564 *(қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз), 2005.07.07.* N 709 *, 2005.10.05. N* 1001 *, 2005.10.15.*

*N* 1035 *, 2005.12.09. N* 1223 *, 2007.04.05. N* 274 *(алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі), 2007.05.07. N* 364 *(2008 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 12.05.2007. N* 377 *алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі), 2008.02.19.* N 168 *(алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулыларымен.*

**Қазақстан Республикасында өндірілетін және Қазақстан Республикасының кеден аумағына әкелінетін, Қазақстан Республикасының аумағында сатылатын акцизделетін тауарларға арналған**

## АКЦИЗ СТАВКАЛАРЫ

| ЕурАзЭҚ СЭҚ ТН коды | Тауардың атауы | Салық базасы (салық салу объектісі) | Өндірілетін тауарларға арналған акциз ставкалары | Әкелінетін тауарларға арналған акциз ставкалары |
|---|---|---|---|---|
| 2207-ден** | 80 айн. % немесе одан жоғары спирт концентрациясы бар денатуратталмаған этил спирті; этил спирті және кез келген концентрациядағы денатуратталған өзге де спирттер (тауар өндірушіде көрсетілген өнімді өндіру құқығына Қазақстан Республикасының лицензиясы болған кезде, алкоголь өнімін, емдік және фармацевтикалық препараттарды өндіру үшін сатылатын, сондай-ақ белгіленген квоталар шегінде мемлекеттік | физ. көлемі | 400 теңге/л | 3 ЕВРО*/л |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | медициналық мекемелерге берілетін спирттен басқа) | | | |
| 2207 *** -ден | Денатуратталған отын этил спирті (этанол) (түссіз, ішкі нарықта тұтыну үшін боялған) | физ. көлемі | 0,1 теңге/л | 0,1 теңге/л |
| 2208-ден** | 80 айн. %-дан төмен спирт концентрациясы бар денатуратталмаған этил спирті; спирт тұнбалары және өзге де спиртті ішімдіктер (тауар өндірушіде көрсетілген өнімді өндіру құқығына Қазақстан Республикасының лицензиясы болған кезде, алкоголь өнімін, емдік және фармацевтикалық препараттарды өндіру үшін сатылатын, сондай-ақ белгіленген квоталар шегінде мемлекеттік медициналық мекемелерге берілетін спирттен басқа) | физ. көлемі | 475 теңге/л 100% спирт | 3,75 ЕВРО*/л 100% спирт |
| 2207-ден** | 80 айн. % немесе одан жоғары спирт концентрациясы бар денатуратталмаған этил спирті; тауар өндірушіде | физ. көлемі | 40 теңге/л | 0,3 ЕВРО/л |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | көрсетілген өнімді өндіру құқығына лицензиясы болған кезде, алкоголь өнімін өндіру үшін сатылатын денатуратталған кез келген концентрациядағы этил спирті және өзге де спирттер | | | |
| 2208-ден** | 80 айн. %-дан төмен спирт концентрациясы бар денатуратталмаған этил спирті; тауар өндірушіде көрсетілген өнімді өндіру құқығына лицензиясы болған кезде, алкоголь өнімін өндіру үшін сатылатын спирт тұнбалары және өзге де спиртті ішімдіктер | физ. көлемі | 47,5 теңге/л 100% спирт | 0,4 ЕВРО/л 100 % спирт |
| 2208** | Алкоголь өнімдері (этил спиртінің көлемдік үлесі 12 пайызға дейінгі градусы әлсіз ликер-арақ бұйымдар-дан, коньяктардан, брендиден, шараптардан, шарап материалдары мен сырадан басқа) | физ. көлемі | 250 теңге/л 100% спирт | 4,25 ЕВРО/л 100% спирт |
| | Этил спиртінің көлемдік үлесі 12 пайызға дейінгі градусы әлсіз ликер-арақ бұйымдары | физ. көлемі | 250 теңге/л 100% спирт | 3,3 ЕВРО/л 100% спирт |
| | Коньяктар, бренди | физ. | 100 теңге/л | 4,25 |

көлемі 100% ЕВРО/л
спирт 100%
спирт
2204, Шараптар физ. 20 теңге/л 0,4
2205, көлемі ЕВРО/л
2 2 0 6 0 0 -
д е н
Шарап материалы физ. 10 теңге/л 0,4
көлемі ЕВРО/л
2203 00** Сыра физ. 10 теңге/л 0,2
көлемі ЕВРО/л
2402- Фильтрлі темекі физ. 400 теңге/ 3 евро/
ден көлемі 1000 дана 1000 дана
Фильтрсіз темекі, физ. 200 теңге/ 3 евро/
папиростар көлемі 1000 дана 1000 дана
Сигаралар физ. 85 теңге/ 0,5 евро/
көлемі дана дана
Сигариллалар физ. 1040 теңге/ 6,5 евро/
көлемі 1000 дана 1000 дана
2403-тен Никотиннен тұратын физ. 1000 теңге/ 6,5 евро/
фармацевтік өнімді кг кг
қоспағанда, шегетін темекі,
шайнайтын темекі,
іскейтін темекі және өзге
де тұтыну ыдысқа буып-түйіл-
ген және соңғы тұтынуға
арналған темекі
2710 11 -Бензин физ. 2-қосымшаға 23 ЕВРО/
410 0 (авиациялықты көлемі сәйкес 1000 л
2 7 1 0 1 1 қоспағанда)
590 0**
271019 Дизель отыны физ. 2-қосым- 0
3 1 0 0- көлемі шаға
2 7 1 0 1 9 сәйкес
4 9 0 0 * *
-----------------------------------------------------------------
270 Шикі мұнай, табиғи физ. 0 0
900- газ конденсаты көлемі
д е н * *

------------------------------------------------------------------------

| | | | |
|---|---|---|---|
| 8702-8703 | Жеңіл автомобильдер (мүгедектерге арнайы арналған қолмен басқарылатын автомобильдерден басқа | қозғалтқыштың көлемі | 100 теңге/ текше см (қозғалтқышының көлемі 3000 текше см жоғары автомобильдер үшін ғана) |
| | Лотереяларды ұйымдастыру және өткізу | оған акциз сомасын қоспағандағы сыйлық қорына жататын сомалар шегерілген мәлімделген түсім | 10% |

------------------------------------------------------------------------

** Тауарлардың номенклатурасы ЕврАзЭҚ СЭҚ ТН кодымен де, тауарлардың атауымен де айқындалады.

*** тауар номенклатурасы тауарлардың атауымен айқындалады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 28 қаңтардағы N 137 қаулысына
2-қосымша

*Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2005.12.09. N* 1223 *қаулысымен.*

**Қазақстан Республикасының аумағында өндірілетін, бензинді (авиациялықтан басқа) және дизель отынын, көтерме және бөлшек саудада сатуды жүзеге асыратын заңды және жеке тұлғалар сататын бензин (авиациялықтан басқа) мен дизель отынына арналған акциз ставкалары**

| | | |
|---|---|---|
| | 1 тоннаға арналған акциз ставкалары (теңгемен) | |
| | Бензин (авиациялықтан басқа) (ЕурАзЭҚ СЭҚ ТН коды 2710 11 410 0- 2710 11 590 0) | Дизель отыны (ЕурАзЭҚ СЭҚ ТН коды 2710 19 310 0 -2710 19 490 0) |
| Өндірушілердің өзі өндірген бензин (авиациялықтан басқа) мен дизель отынын көтерме саудада сатуы | 4500 | 540 |
| Заңды және жеке тұлғалардың бензин (авиациялықтан басқа) мен дизель отынын көтерме саудада сатуы | 0 | 0 |
| Өндірушілердің бензин (авиациялықтан басқа) мен дизель отынын бөлшек саудада сатуы, өздерінің өндірістік мұқтаждарына пайдалануы | 5000 | 600 |
| Заңды және жеке тұлғалардың бензин (авиациялықтан басқа) мен дизель отынын бөлшек саудада сатуы, өздерінің өндірістік мұқтаждарына пайдалануы | 500 (немесе литріне 0,37 теңге) | 60 (немесе литріне 0,05 теңге) |

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2000 жылғы 28 қаңтардағы
N 137 қаулысына
3-қосымша

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің күші жойылған кейбір шешімдерінің тізбесі**

1. "Қазақстан Республикасында өндірілетін және Қазақстан Республикасының кеден аумағына әкелінетін акцизделетін тауарларға арналған акциз ставкалары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 26 маусымдағы N 608 қаулысының 1-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 1998 ж., N 20, 176-құжат).

2. "Қазақстан Республикасының мұнай өнеркәсібіндегі қаржы-экономикалық жағдайды тұрақтандыру жөніндегі кезек күттірмейтін шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 24 шілдедегі N 697 қаулысының

7-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 1998 ж., N 24, 207-құжат).

3. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 21 қыркүйектегі N 927 қаулысының 1-тармағының 3) тармақшасы (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 1998 ж., N 33, 300-құжат).

4. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 26 маусымдағы N 608 қаулысына толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 29 желтоқсандағы N 1357 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 1998 ж., N 49, 460-құжат).

5. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 26 маусымдағы N 608 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 31 желтоқсандағы N 1381 қаулысының 1-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 1998 ж., N 50, 471-құжат).

6. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 19 қаңтардағы N 31 қаулысымен бекітілген "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырудың" 11-тармағы ( Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 1999 ж., N 1, 9-құжат).

7. "Акцизделетін тауарлардың жекелеген түрлеріне арналған акциз ставкалар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 12 наурыздағы N 230 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 1999 ж., N 8, 64-құжат).

8. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 26 маусымдағы N 608 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 22 сәуірдегі N 455 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 1999 ж., N 14, 139-құжат).

9. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 26 маусымдағы N 608 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 24 сәуірдегі N 465 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 1999 ж., N 14, 143-145-құжаттар).

10. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 26 маусымдағы N 608 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 11 тамыздағы N 1133 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 1999 ж., N 40, 354-құжат).

11. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 26 маусымдағы N 608 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 28 қыркүйектегі N 1472 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 1999 ж., N 48, 451-құжат).

12. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 11 тамыздағы N 1133

қаулысына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 29 қыркүйектегі N 1481 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 1999 ж., N 48, 453-құжат).

13. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 26 маусымдағы N 608 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 29 қарашадағы N 1803 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 1999 ж., N 52, 516-құжат).

14. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 11 тамыздағы N 1133 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 24 желтоқсандағы N 1980 қаулысы .

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК